

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Қарабұлақ ауылы

« 15 » 10 2022 жыл

Әрі қарай «Д.Қонаев атындағы ағарарлық техникалық колледж» МКҚК деп аталатын, «техникалық колледж» мемлекеттік мекемесі атынан, басшы (директор) **Раймкулов Алишер Искандарович** бірінші тараптан және әрі қарай «КОЛЛЕДЖ» деп аталатын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "№9 МЕРКІ КОЛЛЕДЖІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ» атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін **директор МАМЫРБАЕВ ГАЛЫМЖАН КЫРЫКБАЕВИЧ**, екінші тарап атынан, бірлесе Тараптар деп аталатын, кәсіптік білім беру сапасын арттырудың жалпы принциптері мен мүдделерін басшылыққа ала отырып, кәсіптік білім беру саласындағы тәжірибені зерттеп, тараптардың ұмтылысын ескере отырып, сұхбат жүргізу және кәсіптік білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық маңызды бағдарларын белгілеп, білім беру саласындағы бағдарламалық құжаттарын іске асыру мақсатымен өзара әрекет етудің маңыздылығын ескере келе, тараптардың озық тәжірибесі мен практикасын назарға ала отыра, өзара сыйластық, ашықтық пен қайырымдылық принциптерін негізге ала отырып, осы Меморандумға қол қойды:

1. Меморандумның мақсаты

1.1. Тараптар «ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "№9 МЕРКІ КОЛЛЕДЖІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ» студенттері мен түлектерінде мансаптық дағды қалыптастыруға, студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуі мен мамандардың тәжірибе алмасуы мақсатында осы Меморандумды жасасты.

2. Ынтымақтастықты қолдау

Осы Келісімнің негізгі мәні колледж мамандықтары бойынша кәсіптік білім саласындағы ынтымақтастық болып табылады.

2.1. Ынтымақтастықты дамыту төмендегілер арқылы қолдау табады:

- 1) Тараптар арасында бірлескен жұмыс үшін, соның ішінде «зәкірлі» ұйым ретінде,
- 2.2. байланыстар орнатып, өзара алмасулар үшін жағымды жағдайлар жасау; бірлескен жобалар мен бағдарламаларды енгізуге және қоғамдық маңызды іс-шараларды (ғылыми-тәжірибелік конференциялар, онлайн конференциялар, семинарлар, тренингтер, инновациялық жобалар сайысы, педагогикалық идея фестивалдері, білім беруді жаңарту мәселелері бойынша сұхбаттық бөліктер);
- 2.3 мамандықтар бойынша арнайы пәндерді оқытудың әдістемесі бойынша тәжірибе алмасу;
- 2.4. бірлескен оқу-тәрбиелік іс-шаралардың түрлі формаларын (педолимпиадалар, байқаулар, дөңгелек үстелдер, форумдар, фестивальдер, дебат, саяхаттар, педагогикалық мамандықтар бойынша WorldSkills, AgroSkills чемпионаттарын) ұйымдастыру және өткізу.

2) Тараптар арасында тұрақты түрде ақпарат алмасу, Қазақстанның білім беру, ғылым және мәдениет мекемелерінің, жастар ұйымдарының өкілдерімен байланыстарды кеңейту.

3. Тараптардың өзара ықпалдастығы

3.1. Осы Меморандумның аясында Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады және өзара ықпалдастықты тең құқықтылық, ашықтық және сенімділік принциптері негізінде жүзеге асырады.

3.2. Тараптар осы Меморандумның тармақтарын орындау мәселелері бойынша бір-бірімен туындаған мәселелерді қарастыру және бірлескен іс-қимылдарды жүргізу үшін Тараптар жіберген басшылар немесе өкілетті өкілдер арқылы өзара әрекет жасайды.

3.3. Осы Меморандумның аясында өзара ықпалдастықтың келесі формалары қарастырылады, бірақ төменде келтірілген тізіммен шектелмейді:

- өскелең ұрпақтың мемлекеттік және тарихи сана-сезімін қалыптастыру үдерісін ғылыми-талдамалық және сараптамалық қамтамасыз ету;
- жалпы және қосымша білім берудің құрылымы мен мазмұнын жетілдіруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- мақсатты әлеуметтік маңызы бар жобалар мен іс-шараларды бірлесіп ұйымдастыру;
- Тараптардың қызметін жақсартуға бағытталған бірлескен инновациялық жобаларды дайындау және өткізу;
- тараптардың кез келгені ұйымдастырған конференцияларға, семинарларға, форумдарға және басқа да іс-шараларға Тараптардың өкілдерінің қатысуымен қызметтің сәйкес салалары бойынша Тараптардың жинақтаған тәжірибелерімен және білімдерімен алмасуы;
- тұрақты түрде бірлескен, соның ішінде жастар ұйымдары өкілдерінің қатысуымен Тараптардың бейнеконференция форматында ұйымдастырған кездесулер өткізу;
- білім, ғылым және мәдениет саласындағы өзара қызығушылық тудыратын ақпараттармен алмасу.

4. Меморандумның қолданыс мерзімі

4.1. Осы Меморандум Тараптардың қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және 3 (үш) жыл қолданыста болады.

4.2. Меморандум кез келген уақытта Тараптардың өзара келісімі немесе біреуінің ниеті бойынша болжамдағы шарт бұзылатын күнге 15 күнтізбелік күн қалғанға дейін өзге Қатысушыны алдын ала хабарландырылып барып бұзылуы мүмкін.

4.3. Ынтымақтастықтың нақты формалары, реттері, мерзімдері мен ортақ мақсатқа жетудегі басқа да шарттары Тараптардың қосымша келісім шарттарында (келісімдерінде) анықталады.

4.4. Осы Меморандумды бұзу Тараптар арасында бұрын уағдаласқан міндеттемелер бойынша жасалған келісім шарттарды (келісімдерді) бұзуға алып келмейді.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Тараптар осы Меморандумды бірлескен жұмыстар бойынша заңды және қаржылық міндеттемелер туындатпайтын мақсат-ниеттер туралы декларация ретінде қарастырады.

5.2. Қатысушылар сондай-ақ осы Меморандумның аясындағы ешқандай іс-қимылдардың Тараптардың бір де біреуінің қандай да бір құзыреттіліктері мен құқықтарына қысым жасамауы тиіс екендігін негізге алады.

5.3. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде дау немесе түсініспеушілік туындаған жағдайда Тараптар оларды кеңестер және келіссөздер ұйымдастыру арқылы шешеді.

5.4. Осы Меморандум аясындағы операцияларды жүргізу үшін жасалған келісімшарттарды (келісімдерді) іске асыру кезінде туындаған даулар мен түсініспеушіліктерді шешу тәртібі көрсетілген келісімшарттарда (келісімдерде) белгіленеді.

5.5. Осы Меморандумға енгізілетін барлық өзгерістер, толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады және тек олар жазбаша түрде құрастырылған және екі Тарап та қол қойған кезде ғана жарамды.

5.6. Меморандум 2 (екі) данадан қазақ тілінде, әр Тарап үшін 1 (бір) данадан құрастырылған.

6. Тараптардың заңды мекенжайлары

ТУРКЕСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ, САЙРАМСКИЙ
РАЙОН, С.КАРАБУЛАК, ДАЛАБАЗАР, 26
БСН/ЖСН 001040001337
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ34601A891000048611
"ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ" АҚ
ДИРЕКТОРДЫҢ М.У.А.
РАЙМКУЛОВ АЛИШЕР
ТЕЛ: 872531-26-942, 872531-26513
БАСШЫ (ДИРЕКТОР)

РАЙМКУЛОВ АЛИШЕР
ИСКАНДАРОВИЧ

«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"№9 МЕРКІ КОЛЛЕДЖІ" КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ
КӘСПОРНЫ»
БИН 080240020431
РНН 210600211213
БИК АВКЗКЗКХ АО «Halyk Банк»
Код 16
ИИК KZ47319E010000375056
Электр. адрес: merke_kolledzh_9@mail.ru
ДИРЕКТОР

МАМЫРБАЕВ ГАЛЫМЖАН
КЫРЫКБАЕВИЧ